


«Ахмет
Байтұрсынұлы
атындағы Қостанай
өңірлік университеті»
КЕАҚ



Университеттің ОӘК
отырысында қаралды және
мақұлданды.

№ хаттама
ОӘК Төрағасы
Э.Наурызбаева
23.06.2026 ж.



**Анықтамалық нұсқаулық
2026-2027 оқу жылы**

Қостанай, 2026

Мазмұны

Құрметті бірінші курс студенттері!	3
1. Университет туралы жалпы мағлұмат	4
2. Кредиттік оқыту технологиясы туралы қысқаша ақпарат	5
2.1 Кредиттік оқыту технологиясы бойынша жалпы ережелер	5
2.2 Студенттердің оқу жетістіктерін бақылау және бағалау жүйесі	6
2.3 Академиялық қарыз.	9
2.4 Келесі курсқа өту. Ауысу балын есептеу	9
2.5 Оқудан шығару	10
2.6 «Дене шынықтыр» пәні.....	10
2.7 Кәсіби практикалар	101
2.8 Студенттерді көшіру және қайта қабылдау ережелері.....	11
2.9 Академиялық демалыс	112
2.10 Оқытуды цифрлық сүйемелдеу.....	123
2.11 Білім алушылардың өздік жұмысын ұйымдастыру.....	135
3. Дуальды оқыту	136
4. Әскери кафедра	17
5. Оқу ақысы.....	20
6. Студенттердің құқықтары мен міндеттері.....	20
7. Студенттік өзін-өзі басқару	21
8. Студенттердің академиялық ұтқырлығы	23
Қосымша.....	25

Құрметті бірінші курс студенттері!

Сіздер үлкен мәртебеге ие болып отырсыздар, себебі, Сіздер – Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінің алдыңғы қатарлы жетекші оқу орындарының бірі, кемелді дәстүрлерге бай, көп жылғы оқу және ғылыми жұмыс тәжірибесі бар Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің студенті атандыңыздар!

Қабылдау емтиханында еңсеруге тура келген қиындықтар білім шыңына қызықты саяхаттың бастамасы ғана. Студенттік өмір қызықты, жарқын оқиғаларға және ұмытылмас эмоцияларға толы.

Университет қабырғасында сіз өз елімізде ғана емес, сонымен қатар шетелде де еңбек нарығында бәсекеге қабілетті маман болуға көмектесетін дағдыларды меңгеріп білім аласыз.

Университет базасында әскери кафедра бар.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары арасында «Эразмус+» бағдарламасының жүзеге асырылған жобаларының саны бойынша көшбасшы болып табылады.

Қазақстандық жоғары оқу орындарының ұлттық рейтингінің нәтижелері бойынша біздің университет бірқатар білім беру бағдарламалары бойынша жетекші орынға ие.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің түлектері еліміздің түкпір-түкпіріне жоғары білікті маман, мықты басшы, үнемі өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі дамытуға қабілетті шығармашыл тұлға ретінде танымал.

Сіздің алдыңыздан білім мен ғылым әлемінің есіктері ашылды. Университеттің берген мүмкіндіктерін толық пайдаланып, нағыз жоғары білімді тұлға болып қалыптасасыз деп сенеміз!

Сіз озық тәжірибелі, жетекші сарапшылармен бірлесіп әзірленген жаңа білім беру бағдарламалары бойынша оқисыз, тәжірибелі ғалымдардың жетекшілігімен ғылыми-конструкторлық зерттеулер жүргізесіз, ауқымды жастар жобаларына қатысып, оларды нақты өмірде жүзеге асырасыз.

**Құрметпен,
Басқарма Төрағасы-Ректор
С.Куанышбаев**

1. Университет туралы жалпы мағлұмат

1939 жылы 21 тамызда Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесі және Республика Халық ағарту комиссариаты келісе отырып, Қостанай облыстық атқару комитетінің Президиумы еңбекші депутаттар Кеңесі «Қостанай мұғалімдер институтын және оның бөлімдерін ұйымдастыру туралы» қаулы қабылдады.

1992 жылы тамызда Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің № 662 қаулысымен Қостанай педагогикалық институтының негізінде құрылды.

2000 жылы ақпанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен Қостанай мемлекеттік университетіне Қостанай ауыл шаруашылығы институты қосылды.

2004 жылы наурызда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2004 жылғы 4 наурыздағы №181 бұйрығымен Қостанай педагогикалық институты университет құрамынан бөлініп шықты.

2020 жылы шілдеде А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті мен Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті қосылды және А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті құрылды.

2020 жылғы қазанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 11 қазандағы № 752 «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жоғары оқу орындарының кейбір мәселелері туралы» қаулысына сәйкес А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетіне КЕАҚ коммерциялық емес акционерлік қоғамы мәртебесі берілді.

Университет миссиясы: Өңірдің даму басымдықтарына сәйкес бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға бағытталған біртұтас білім беру және ғылыми-зерттеу экожүйесін құру.

Университет студенттері мен оқытушыларының кеңінен қолдануына 5 оқу ғимараты – жарық және жылы дәрісханалармен, оқу зертханаларымен, оқу кабинеттерімен, мұражайлармен, шеберханаларымен, спорт залдарымен, спорт және акт залдарымен, көптеген тамақтану орындарымен, медициналық пункт, студенттік жатақханаларымен заманауи тұрғыда жабдықталған.

Университетте <http://ksu.edu.kz/> ресми сайтында <http://portal.ksu.edu.kz/>. ішкі ақпараттық-білім беру порталы құрылып, үнемі жаңартылып отырады.

2. Кредиттік оқыту технологиясы туралы қысқаша ақпарат

2.1 Кредиттік оқыту технологиясы бойынша жалпы ережелер

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінде оқыту кредиттік технология бойынша жүзеге асырылады.

Кредиттік оқыту технологиясы – білім беру бағдарламасының дараландыру, таңдаулылығы және несие түріндегі білімді есепке алу негізінде өзін-өзі тәрбиелеу мен білімді шығармашылықпен дамыту деңгейін арттыруға бағытталған білім беру технологиясы.

Академиялық кредит – білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысының (жүктемесінің) көлемін өлшеуге арналған бірыңғай бірлік.

Академиялық кезең – білім беру ұйымы үш нысанның бірінде: семестр, триместр, тоқсандық өз бетінше белгілейтін теориялық оқыту кезеңі.

Академиялық сағат – оқу сабақтарының немесе оқу жұмысының басқа түрлерінің көлемінің өлшем бірлігі, 1 академиялық сағат 50 минутқа тең.

Білім беру бағдарламасы – студент белгілі бір логикалық реттілікпен оқитын курстардың (пәндердің) тізімі.

Барлық пәндер міндетті, университеттік компонент және таңдау компоненті болып бөлінеді.

Міндетті компонент – Мемлекеттік білім стандартында белгіленген оқу жоспары бойынша білім алушылар міндетті түрде оқытылатын пәндер.

Жоғары оқу орны компоненті - білім беру бағдарламасын меңгеру үшін жоғары оқу орны дербес айқындайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемдерінің тізбесі.

Таңдау компоненті – пререквизиттер мен постреквизиттерді ескере отырып, кез келген академиялық кезеңде студенттер өз бетінше таңдайтын, университет ұсынатын академиялық пәндердің тізбесі және академиялық кредиттердің сәйкес ең төменгі мөлшері.

Пререквизиттер - оқытылатын пәнді меңгеру үшін қажетті білімді, іскерлікті, дағдылар мен құзыреттерді қамтитын пәндер және (немесе) модульдер және оқу жұмысының басқа да түрлері және (немесе) модульдер

Постреквизиттер - зерделеу үшін осы пәнді зерделеу аяқталғаннан кейін алынған білім, білік, дағды және құзырет талап етілетін пәндер және (немесе) модульдер және оқу жұмысының басқа да түрлері.

Бірінші курс білім алушыларының пәндерді таңдауы оқу жылы басталғанға дейін, ал жоғары курстар екінші семестрдің ортасында жүзеге асырылады.

Студенттер Major негізгі білім беру бағдарламасынан басқа, сонымен қоса Minor атты білім беру бағдарламасын үйрену кезінде қосымша құзыреттілік алуға мүмкіндік алады.

Негізгі білім беру бағдарламасы (Major) – негізгі құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында білім алушы анықтаған білім беру бағдарламасы.

Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) – қосымша құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында оқыту үшін білім алушы айқындаған пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа да түрлерінің жиынтығы.

Таңдау үшін барлық пәндермен\модульдер элективті пәндер (КЭД) каталогі мен Minor каталогы да ұсынылған.

Пәндерді таңдап болған соң **студенттің жеке оқу жоспары (ЖОЖ)** құрастырылады.

Жеке оқу жоспары (ЖОЖ) - білім беру бағдарламасы және элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен студенттің әр оқу жылына өзі дербес қалыптастыратын оқу жоспары.

Әр топқа **эдвайзер** бекітіледі.

Эдвайзер – тиісті білім беру бағдарламасы бойынша білім алушының академиялық тәлімгер функциясын орындайтын, оқыту траекториясын таңдауға (жеке оқу жоспарын қалыптастыруға) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламасын игеруге жәрдемдесетін оқытушы.

 **Назар аударыңыз !!!** Сіз әрқашан өзіңізді қызықтыратын кез-келген сұрақтарыңыз бойынша эдвайзеріңізге жүгініп, нақты жауап ала аласыз.

Эдвайзер өз студенттерімен жеке және топтық кеңестер өткізеді.

Барлық пәндер **силлабуспен** қамтамасыз етіледі.

Силлабус - оқытылатын пәннің сипаттамасын, пәннің мақсаты мен міндеттерін, оқу нәтижелерін, әр сабақтың тақырыптары мен ұзақтығын, білім алушының өзіндік жұмысына арналған тапсырмаларды, консультация өткізу уақытын, оқытушының талаптарын, бағалау критерийлерін, межелік бақылау кестесін және әдебиеттер тізімін қамтитын пәннің оқу бағдарламасы.

2.2 Студенттердің оқу жетістіктерін бақылау және бағалау жүйесі

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау – белгілі бір пән негізінде оқу жетістіктерін әртүрлі бақылау тапсырмалары (жазбаша жұмыстар, тесттер, практикалық жұмыстар, портфолио, ауызша сауалнамалар және т.б.) негізінде тексеру; ол ағымдағы бақылау, аралық бақылау және қорытынды бақылау болып бөлінеді.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау – әртүрлі типтегі бақылау тапсырмалары (жазбаша жұмыстар, тесттер, практикалық жұмыстар, портфолио, ауызша сауалнамалар және т.б.) негізінде нақты пән бойынша білім беру жетістіктерін тексеру; ол ағымдағы бақылау, аралық бақылау және қорытынды бақылау болып бөлінеді.

Ағымдағы үлгерімді бақылау – академиялық кезең ішінде оқытушының аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарда жұмыс оқу бағдарламасына сәйкес білім алушылардың білімін жүйелі түрде тексеруі.

Аралық бақылау – білім алушылардың белгілі бір кезеңдегі (модульдің мазмұны немесе пән тақырыптарының жиынтығы не пән курсының бірінші жартысы) оқу жетістіктерін бақылау.

Қорытынды бақылау – оқу пәнін зерделеу аяқталғаннан кейін, академиялық кезеңнің соңындағы аралық аттестаттау кезеңінде білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеру. Қорытынды бақылау нысаны – емтихан: ауызша, жазбаша, тестілеу және т.б.

 **Назар аударыңыздар!!!** Барлық бақылау түрлері, олардың тапсыру мерзімдері силлабуста көрсетілген.

Студенттің барлық өткізіп алған сабақтары оқытушы белгілеген мерзімде өткізілуі керек. ***Семестрлік рейтинг қойылғаннан кейін сабақтарды қосымша өтеуге жол берілмейді!!!***

Білім алушының барлық оқу жетістіктері әрбір орындалған тапсырмасы бойынша 100 балдық меже бойынша бағаланады (сабақтардағы жауап, үй тапсырмасын тапсыру, бақылау жұмысын орындау және т.б.).

Аралық бақылау академиялық күнтізбеге сәйкес академиялық кезең ішінде екі рет бір оқу пәні шеңберінде семестрдің **8 және 15 апталарында** (триместрдің 5 және 10 апталарында) коллоквиум, бақылау жұмысы, тестілеу, портфолионы қорғау және пәннің жұмыс оқу бағдарламасында (силлабус) көзделген басқа да жұмыс түрлері нысанында жүргізіледі.

Емтиханға семестрлік рейтингтің кемінде 50% жинаған студенттер жіберіледі.

 **Назар аударыңыздар!!!** Білім алушы келесі себептер бойынша емтиханға жіберілмейді:

- Орындалған және қорғалған курстық жұмыстың жоқ болуы (жоба);
- Төмен семестрлік рейтинг (семестрлік рейтингтің максималды өлшемінің 50% - нан төмен);
- Оқу ақысының талаптарын орындамаған жағдайда;
- Пән бойынша ағымдық баға болмаған жағдайда;

Бұл ретте ведомосте «бағалау» бағанында оқытушы «жіберілмеді» деп жазады және бұл қанағаттанарлықсыз бағалауға теңестіріледі.

Пән бойынша қорытынды баға семестрлік рейтинг балдарының және студенттің емтиханда алған балдарының сомасы бойынша қойылады. Бұл ретте емтиханда студент ең жоғары емтихан рейтингінің кемінде 50% -н алуы тиіс.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін дәстүрлі жүйе бойынша бағалау шкаласы мен ECTS-ке аударып, бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

%-дық мазмұны	Әріптік жүйе бойынша баға	Цифрлік эквивалент балдары	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
95-100	A	4,0	Өте жақсы
90-94	A-	3,67	

85-89	B+	3,33	Жақсы
80-84	B	3,0	
75-79	B-	2,67	
70-74	C+	2,33	
65-69	C	2,0	Қанағаттанарлық
60-64	C-	1,67	
55-59	D+	1,33	
50-54	D	1,0	
25-49	FX	0,5	Қанағаттанарлықсыз
0-24	F	0	



Назар адарыңыздар!!! Емтиханда "FX" белгісіне сәйкес келетін "қанағаттанарлықсыз" (25-49) бағасын алған жағдайда білім алушы оқу пәні/модуль бағдарламасын ("Қазақстан тарихы" пәнінен басқа) қайта өтпей-ақ қорытынды бақылауды қайта тапсыруға мүмкіндігі бар. Емтиханды "FX" сәйкес бағадан қайта тапсыруға келесі академиялық кезең басталғанға дейін, ал жазғы емтихан сессиясының нәтижелері бойынша курстан курсқа ауыстыру туралы бұйрық шыққанға дейін жол беріледі. Курстан курсқа ауысу туралы бұйрық шыққаннан кейін "FX" бағасына сәйкес келетін емтихан бағасы академиялық қарызға айналады.

"F" белгісіне сәйкес "қанағаттанарлықсыз" деген баға алған жағдайда білім алушы осы оқу пәніне/модуліне қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін орындайды және қорытынды бақылауды қайта тапсырады.

Емтиханға дәлелді себеппен, құжатпен расталған анықтамамен, тіркеу офісімен келісім бойынша факультет деканының/институт директорының өкімімен келмеген жағдайда емтиханды жеке тәртіппен тапсыруға рұқсат етіледі.

Семестр бойы студенттердің сабаққа қатысу мониторингі жүргізіледі. Ай сайын топтың старостасы сабаққа қатысуы туралы деканат/директоратқа мәлімет тапсырады. Жүйелі түрде жіберілмегені және пәндер бойынша аттестация алмағаны үшін студент университеттен шығарылуы мүмкін.

Жазғы семестр академиялық берешегі, академиялық демалыстан шығу, қайта қабылдау, басқа ЖОО-дан, бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне ауыстыру кезінде оқу жоспарының пәндеріндегі айырмашылығы бар білім алушылар үшін жеделдетілген қосымша оқу үшін ақылы негізде ұйымдастырылады. Жазғы семестрдің ұзақтығы кемінде 6 апта. Студенттерді жазғы семестрде пәндерді оқуға жазуды факультеттер/директорат және эдвайзерлер Тіркеу офісінің көмегімен жүзеге асырады. Білім алушы емтихан сессиясы аяқталғаннан кейінгі бірінші апта ішінде жазғы семестрге қатысу туралы арнайы нысан бойынша деканатқа/директоратқа өтініш береді.



Назар аударыңыздар!!! Жазғы семестрде оқыту ақылы түрде жүргізіледі. Жазғы семестр кредиттерінің көлемі 20-дан аспайды.

Студенттердің білімін бақылау жүйесін ұйымдастырудың, олардың жетістіктерін есепке алудың барлық мәселелерін **Тіркеу офисі** қадағалайды.

 **Назар аударыңыздар!!!** Тіркеу офисінде әр институт/факультеттерге әдіскер бекітілген, ол сізге әрдайым көмек көрсетіп, кеңес бере алады. Тіркеу офисі 1 корпус 102 кабинетінде орналасқан (Экономика және құқық факультеті), 2 корпус 325 кабинетте (Машина жасау, энергетика және ақпараттық технологиялар факультеті пен ауылшарашылығы ғылымдар факультеті), 5 корпус 118 кабинетте (Ө.Султангазин атындағы педагогикалық институты).

2.3 Академиялық қарыз

Академиялық қарыз дегеніміз – студенттің қорытынды бақылауға жіберілмеуі, емтиханда "қанағаттанарлықсыз" деген баға алуы немесе емтиханға себепсіз келмеуі нәтижесінде пайда болған қарыз.

Егер білім беру гранттарының иегерлері ауысу балын жинаса, бірақ академиялық берешегі бар болса, онда олар білім беру грантынан айырылмай, тиісті пәндерді ақылы негізде қайта оқып, сол пәндер бойынша емтихан тапсыруға тиіс.

Академиялық қарыздарды жою жазғы семестр кезеңінде немесе қосымша келесі семестрлерде GPA балын аудару үшін жеткілікті болған кезде жүзеге асырылады.

2.4 Келесі курсқа өту. Ауысу балын есептеу

Білім алушыларды курстан курсқа ауыстыру жазғы семестрдің нәтижелерін ескере отырып, жазғы емтихан сессиясының қорытындылары бойынша жүзеге асырылады.

Оқу жылының қорытындысы бойынша білім алушыны курстан келесі курсқа ауыстыру үшін университеттің Ғылыми кеңесі бекіткен GPA ауысу балдары негіз болып табылады. Оқу жылының қорытындысы бойынша GPA ауысу балын жинамаған білім алушы жазғы семестрге қатысуға өтініш жаза алады және пәндерді қайта оқып, олар бойынша бақылаудың барлық түрлерін тапсыра отырып, өзінің GPA-ны арттыра алады. GPA ауысу балдарын жинамаған білім алушы (жазғы семестрдің нәтижелерін ескере отырып) өтініш бойынша қайта оқу курсына қалады.

 **Назар аударыңыздар!!!** Білім беру гранттарының иегерлері қайта оқу курсына қалған жағдайда гранттан айырылады.

Қайта курста оқуды ресімдеу үшін білім алушы 20 тамызға дейінгі мерзімде деканат/директоратта Басқарма Төрағасы - университет ректорының атына өтініш береді. Егер білім алушы қайта оқу курсына өтініш бермесе, ол 30

тамызға дейінгі мерзімде академиялық үлгермеушілік үшін оқудан шығарылады.

Ғылыми кеңес білім алушыларды оқу жылының қорытындысы бойынша келесі курсқа ауыстыру үшін мынадай шарттардың орындалуын негіз деп санауға шешім қабылдады:

Бакалавриатта:

- 1-ден 2 курсқа дейін-1 курс үшін GPA балы кемінде 1,3 балл;
- 2-ден 3 курсқа дейін-2 курс үшін GPA балы кемінде 1,6 балл;
- 3-тен 4 курсқа дейін-3 курс үшін GPA балы кемінде 1,8 балл;
- 4-тен 5-ке курсқа дейін -4 курс үшін GPA балы кемінде 2,0.

Магистратура мен докторантурада:

- 1 жылдан 2 жылға дейін– 1 курс үшін GPA балы кемінде 2,0 балл;
- 2 жылдан 3 жылға дейін– 1 курс үшін GPA балы кемінде 2,2 балл.

Бакалавриат пен магистратурада соңғы курсқа ауысқан кезде, GPA ауысу баллдарынан басқа, академиялық қарыз 5 кредиттен аспауы керек.

2.5 Оқудан шығару

Білім алушы жоғары оқу орнынан келесі жағдайларда шығарылады:

- 1) академиялық үлгермеушілік үшін;
- 2) білім беру бағдарламасының талаптарын орындамағаны үшін (дипломдық жұмысты/магистрлік диссертацияны қорғаған жоқ / кешенді емтихан тапсырған жоқ);
- 3) академиялық адалдық ережелерін бұзғаны үшін;
- 4) ішкі тәртіп ережелері мен Университеттің Жарғысын бұзғаны үшін;
- 5) білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттың талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде оқу құнын төлемегені үшін;
- 6) академиялық демалыстан шықпағаны үшін;
- 7) жеке ісін, оның ішінде шетелдік ұйымдар берген білім туралы құжаттарды тану туралы құжаттарды ұсынбағаны үшін;
- 8) өз еркімен оқудан шығу;
- 9) басқа ЖОО-ға ауысуына байланысты;
- 10) жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) қалыптастырмаған жағдайда;
- 11) ҰБТ-де шекті балын жинамағаны үшін (бір академиялық жылға қабылданғандар үшін).

2.6 «Дене шынықтыр» пәні

«Дене шынықтыру» пәні жалпы міндетті пән болып табылады. Осы пән бойынша сабақтар 1 және 2 курстарда өткізіледі. Оқу жылының басында бірінші курс студенттері міндетті түрде медициналық тексеруден өтеді, оның қорытындысы бойынша студенттерге оқу тобы анықталады.

«Дене шынықтыру» пәні бойынша сабақтар оқу кестесінен тыс «Сұңқар» спорт клубының базасында өткізіледі.

 **Назар аударыңыздар!!!** Егер сіздің денсаулығыңызда кінәраттар пайда болған болса, сіз деканат/директоратқа алғашқы медициналық-санитарлық көмек орталығы (Байтұрсынов көшесі, 47) куәландырған ДКК анықтамасын ұсынуыңыз керек.

2.7 Кәсіби практикалар

Әрбір білім беру бағдарламасы бойынша теориялық оқытудан басқа студенттер практиканың әртүрлі түрлерінен өтеді (оқу, психологиялық-педагогикалық, педагогикалық, өндірістік және т.б.). Практикадан өту оқу жоспарының кез-келген басқа пәнін үйрену сияқты міндетті болып табылады. Практика бойынша студенттер күнделік толтырады және есеп береді. Практика бойынша бағалау мен кредиттер саны GPA– баллды есептеу кезінде, сондай-ақ курстан курсқа ауыстыру кезінде ескеріледі.

 **Назар аударыңыздар !!!** Егер сіз практикадан өтпесеңіз немесе сол үшін баға алмасаңыз, онда бұл академиялық қарыз болып саналады және оны бітіру курсы басталғанға дейін жою қажет.

Кәсіби практика бойынша кафедра оқытушылары есеп жазу, күнделік жүргізу және есепті қорғау бойынша тапсырмалар мен талаптарды көрсететін толассыз бағдарламалар мен оны өту бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлейді.

Практика басталар алдында әрдайым арнайы конференциясы өтеді, онда сіз барлық қажетті материалдарды, практика құжаттарын ала аласыз. Кәсіптік практикадан өткеннен кейін қорытынды конференция өткізіледі, онда студенттердің есептері тыңдалады және бағалар қойылады.

2.8 Студенттерді көшіру және қайта қабылдау ережелері

Білім алушыларды курстан курсқа, бір білім беру ұйымынан екіншісіне, бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне ауыстыру арқылы жүзеге асырылады.

Білім алушыны бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне, бір оқыту нысанынан екіншісіне ауыстыру тек ақылы негізде оқу үшін жүзеге асырылады.

Білім алушылардың ауысу және қайта қабылдау туралы өтініштері жазғы және қысқы демалыс кезеңінде қабылданады және кезекті академиялық кезең басталғанға дейін үш жұмыс күні ішінде қаралады.

Ауыстырудың немесе қалпына келтірудің міндетті шарты бірінші академиялық кезеңнің оқу жоспарының барлық талаптарын орындау және аралық аттестаттауды (емтихандарды) тапсыру болып табылады. Бірінші академиялық кезеңнің оқу жоспарының барлық талаптарын орындау және

аралық аттестаттауды (емтихандарды) тапсыру ауысудың немесе қайта қабылданудың міндетті шарты болып табылады.

Оқуға қайта қабылдау және көшіру кезінде алдыңғы академиялық кезеңдерде оқыған оқу жоспарларының пәндеріндегі академиялық айырмашылықтармен айқындалып ескеріледі.

Білім алушыларды ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде олардың одан әрі оқыту курсы пререквизиттерді ескере отырып айқындалады.

Білім беру бағдарламаларында қайта игерілген кредиттерді қайта есептеу, игерілген пәндер тізбесінің мазмұнын, олардың көлемін, алған білімін, іскерлігін, дағдылары мен құзыреттерін, сондай-ақ оқыту нәтижелерін салыстыру негізінде жүзеге асырылады.

Оқу пәндері бойынша игерілген кредиттерді қайта есептеу кезінде қорытынды бақылау нысандарындағы айырмашылық назарға алынбайды.

Білім алушы басқа ЖЖЖОКБҰ-на ауысу кезінде Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университет Басқарма төрағасы - ректордың атына ауысу туралы өтініш береді, оған кезекті академиялық кезең (семестр) басталғанға дейін бес күннен кешіктірмей ресімделген кету парағы қоса беріледі.

Қабылдаушы ЖОО басшысының атына **ауыстыру** туралы өтінішке **келесі құжаттардың көшірмелері** қоса берілуге тиіс:

- ТО бастығы, институт директоры, факультет деканы, ректор қол қойған және мөрмен бекітілген транскрипт;
- ҰБТ немесе КТА тапсыру туралы сертификат;
- білім беру гранты иегерінің куәліктері (болса);
- оқыған университет ректорының атына өтініш (ректордың қолы мен мөрі, институт директорының/факультет деканының визасы қойылған).

Білім беру гранты бойынша білім алатын студент, білім беру грантын сақтай отырып, басқа жоғарғы оқу орнына ауыса алады.

Мемлекеттік білім беру гранты негізінде студентті бір жоғарғы оқу орнынан екінші жоғарғы оқу орнына бір курсқа төмен түскен жағдайда немесе басқа мамандыққа, ұлттық ЖОО-на ауысқан кезде ол білім беру грантынан айырылады.

Білім алушылар қатарына қайта қабылдау және оқу жоспары пәндеріндегі академиялық айырмашылықтарды жою тек ақылы негізде жүзеге асырылады!!!

Оқу ақысын төлемегені үшін семестр кезінде оқудан шығарылған ақылы негізде оқитын білім алушылар төлем бойынша берешегін өтеген жағдайда оқудан шығарылған күннен бастап төрт апта ішінде оқуға қайта қабылдануға құқылы.

2.9 Академиялық демалыс

Академиялық демалыс — дегеніміз білім беру ұйымдарында білім алушылар денсаулық жағдайы бойынша, оның ішінде жүктілігі, босануы және бала күтімі бойынша демалыста болуы, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарына шақырылуы бойынша оқуын уақытша тоқтататын кезең.

Денсаулық жағдайы бойынша академиялық демалыс ұзақтығы 6 айдан 12 айға дейінгі дәрігерлік-консультациялық комиссияның (ДКК) қорытындысы негізінде ғана беріледі.

Дәрігерлердің медициналық көрсеткіштер бойынша академиялық демалыс беру мүмкіндігі туралы қорытынды шығаруы үшін білім алушы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ медициналық-санитариялық алғашқы көмек орталығына өзі бақылауда болған медициналық мекемеден ауру тарихынан толық үзінді ұсынады. ДКК демалыс беру қажеттілігі туралы қорытынды шығарады.

Академиялық демалысты ресімдеу үшін білім алушы Басқарма төрағасы-ректордың атына өтініш береді және ДКК анықтамасын не Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарына шақыру туралы анықтаманы не баланың туу туралы куәлігін ұсынады.

Ректор студентке оның басталу және аяқталу мерзімдерін көрсете отырып, академиялық демалыс беру туралы бұйрық шығарады.

Студент академиялық демалыстан шыққан кезде өтініш береді және науқасты бақылаған емдеу ұйымынан денсаулық жағдайы туралы ДКК анықтамасын не Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан демобилизация туралы анықтаманы ұсынады.

Ауысушы немесе қайта қабылданушы, не академиялық демалыстан оралған білім алушы оқу жоспарлары пәндеріндегі айырмашылықтар болған жағдайда ақылы негізде жоюға тиіс. Білім алушы ағымдағы оқу сабақтарымен қатар академиялық айырмашылықты жою үшін семестр бойы оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, ағымдағы бақылаудың барлық түрлерін тапсырады және емтихандарға рұқсат алады не жазғы семестрде академиялық айырмашылықты құрайтын пәндерді оқиды.

2.10 Оқытуды цифрлық сүйемелдеу

Университетте оқу процесін ұйымдастыруға көмектесетін заманауи цифрлық платформалар белсенді қолданылады. Бұл платформалар әсіресе қашықтан және аралас оқыту форматтарында маңызды рөл атқарады.

Негізгі цифрлық құралдар:

Moodle — барлық оқу материалдары, тапсырмалар мен тесттер орналастырылатын қашықтан оқыту жүйесі.

Platonus — бағалар, сабақ кестесі және пәндерге тіркелу туралы ақпарат тіркелетін академиялық ақпараттық жүйе (ААЖ).

Университеттің ресми сайты — университет туралы жалпы ақпарат, жаңалықтар, нормативтік құжаттар мен ережелер орналастырылатын ақпараттық ресурс.

Бейнеконференция платформалары — Zoom, BigBlueButton онлайн сабақтар мен консультациялар өткізу үшін пайдаланылады.

Прокторинг жүйесі — қашықтан емтихан өткізу кезінде білім алушының іс-әрекетін бақылауды қамтамасыз етеді.

StrikePlagiarism — жазбаша жұмыстарды тапсырған кезде мәтіннің түпнұсқалығын және алынған ақпараттарға сілтеме жасау талаптарының сақталуын тексеруге арналған жүйе (антиплагиат).

Moodle — оқудағы басты көмекшің!!!

Moodle — сен оқитын барлық пәндер бойынша оқу курстары орналастырылған электрондық білім беру ортасы.

Әрбір Moodle курсына мыналар кіреді:

- ✓ ұйымдастырушылық материалдар;
- ✓ дәрістер мен практикалық сабақтар;
- ✓ зертханалық жұмыстар;
- ✓ бақылау тапсырмалары;
- ✓ қосымша материалдар: презентациялар, сызбалар, бейнематериалдар және т.б.

Moodle жүйесіндегі оқу курсының құрылымы:

Әдістемелік (нөлінші) блок пән бойынша негізгі құжаттарды қамтиды:

- ✓ Типтік оқу бағдарламасы (міндетті пәндер үшін);
- ✓ Жұмыс оқу бағдарламасы (силлабус);
- ✓ Әдістемелік нұсқаулар;
- ✓ Дәрістер курсы;
- ✓ Практикалық және зертханалық жұмыстардың материалдары;
- ✓ Курстық жұмысқа/бақылау жұмысына/рефератқа арналған нұсқаулықтар;
- ✓ Емтиханға дайындалуға арналған сұрақтар;
- ✓ Қосымша материалдар (электрондық кітаптар, презентациялар, бейнематериалдар және т.б.).

Тақырыптық блоктар (1–15 апта):

Күнтізбелік-тақырыптық жоспарға сәйкес келеді. Әр аптада сен мына материалдарды таба аласың:

- ✓ Дәрістер мен практикалық сабақтарға арналған тапсырмалар;
- ✓ Бақылау элементтері — тесттер, тапсырмалар, интерактивті дәрістер (Lesson), сөзжұмбақтар және т.б.;
- ✓ Ағымдағы және қорытынды бақылауға дайындалуға арналған материалдар.

Бағалау қалай жүргізіледі?

Барлық тапсырмаларды Moodle жүйесінде орындайсың және жүктейсің.

Оқытушы жұмыстарды тексеріп, бағаларды Moodle және Platonus жүйелеріне енгізеді.

Бағалар академиялық кезең аяқталғанға дейін курс журналында сақталады.

Қолжетімділікті қалай алуға болады?

Мына сілтеме бойынша өтіңіз: <https://md.ksu.edu.kz/>

Университет берген логин мен құпиясөзді енгізіңіз.

«Менің курстарым» бөліміне өтіңіз — мұнда ағымдағы семестрде оқитын барлық пәндер көрсетіледі.

Бірінші курс студентіне кеңестер:

Moodle жүйесін күн сайын тексеріп отыр — дедлайндар күтпейді!

Жұмыстарыңның көшірмелерін сақта және тапсырмаларды орындау мерзімдерін қадағала.

Қиындық туындаса, оқытушыға немесе техникалық қолдау қызметіне жүгін.

2.11 Білім алушылардың өздік жұмысын ұйымдастыру

Білім алушылардың өздік жұмысы (БӨЖ) – бұл оқытушының тікелей қатысуынсыз білім алушының жаңа білім мен дағдыларды белсенді, мақсатты түрде меңгеру процесі.

Білім алушылардың өздік жұмысы өздік қызметтің мынадай түрлерін қамтиды:

- зертханалық және практикалық сабақтарда тапсырмаларды өз бетінше орындау;
- оқу материалын өздік жұмыс кестесіне сәйкес пысықтау (конспектілер, оқу және ғылыми әдебиеттер бойынша);
- рефераттар, баяндамалар, рецензиялар, әдебиетке шолу және жазба жұмыстарының басқа да түрлерін жазу;
- шетел тілдерінен аударма жасау;
- оқу-зерттеу (кіші курстарда) және ғылыми-зерттеу (жоғары курстарда) жұмыстарын орындау және т. б.

Кредиттік оқыту технологиясы кезінде білім алушылардың өздік жұмысы екі бөлікке бөлінеді: оқытушының басшылығымен орындалатын өздік жұмыс (БООЖ) және толығымен дербес орындалатын жұмыс (БӨЖ).

БӨЖ-дың барлық көлемі білім алушыдан күнделікті өздік жұмысты талап ететін тапсырмаларымен расталады.

БООЖ білім алушылардың оқытушымен байланыста орындалатын аудиториядан тыс жұмыс түрі болып табылады. БООЖ-ге оқу бағдарламасының неғұрлым күрделі мәселелері, үй тапсырмаларын, курстық жобаларды (жұмыстарды) орындау бойынша кеңестер, семестрлік жұмыстарды, есептерді және БӨЖ тапсырмаларының басқа да түрлерін бақылау кіреді.

Бірінші курс студентіне кеңестер:

- ✓ Уақытыңды жоспарла. СӨЖ – оқу үдерісінің күнделікті бір бөлігі. Дедлайндарды өткізіп алмау үшін күнтізбе немесе тапсырмаларды бақылау құралын пайдалан.
- ✓ Дәрістермен ғана шектелме. Силлабуста ұсынылған әдебиеттерді қосымша оқы. Бұл оқу материалын тереңірек түсінуге көмектеседі.

- ✓ Кеңес беруге арналған сабақтарға (СӨЖОП) қатыс. Барлығын түсінсең де, консультация білімді жүйелеуге және оқытушыдан кері байланыс алуға мүмкіндік береді.
- ✓ Жұмыс орнында ұйымдастыр. Конспектілерді, тапсырмаларды, пәндер бойынша есептерді бөлек папкаларда (қағаз немесе электрондық) сақта.
- ✓ Цифрлық құралдарды пайдалан. Moodle, Google Docs, Notion, Zotero сияқты құралдар жоспарлау, дереккөздермен жұмыс істеу және жобалар дайындау үдерісін жеңілдетеді.
- ✓ Сұрақ қоюдан қорықпа. Түсініксіз мәселені алдын ала анықтап алған дұрыс, өйткені жұмысты тапсырар алдында қайта орындауға тура келуі мүмкін.

3. Дуальды оқыту

Дуальды оқыту – мамандарды даярлаудың заманауи нысаны, онда университеттегі теориялық оқыту кәсіпорындағы өндірістік оқыту және кәсіптік практикамен ұштастырылады. Бұл студенттерге алған білімдерін бірден практикада қолдануға және болашақ мамандығына жақсы дайындалуға мүмкіндік береді.

Дуальды оқытудың мақсаты – оқу үдерісін нақты еңбек жағдайларына жақындату, кәсіби дағдыларды қалыптастыру және табысты жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттыру арқылы білім сапасын көтеру.

Іске асыру нысандары:

- ✓ Жекелеген студенттерді ауыстыру (бакалавриаттың 3–4 курсы, мамандықтардың 4–5 курсы, академиялық кезең басталғанға дейін);
- ✓ Академиялық топтарды ауыстыру (ТжКБ, КБ және ЖБ негізіндегі қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша, оқу жылы басталғанға дейін).

Дуальды оқытуға кімдер қатысады?

- ✓ Университет – оқу үдерісін, бақылауды және әдістемелік қолдауды ұйымдастырады.
- ✓ Кәсіпорын – жұмыс орнын, тәлімгерді және оқуға қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді.
- ✓ Студент – теориялық және практикалық оқытуға белсенді қатысады, белгіленген тәртіп пен еңбек тәртібін сақтайды.
- ✓ Тәлімгер – кәсіпорын тарапынан студентке жұмыс орнында жетекшілік ететін маман.

Студент қалай қатыса алады?

Дуальды оқытуға ауысу туралы өтініш жазу.

Үшжақты шарт жасасу: Университет – Кәсіпорын – Студент.

Студент не алады?

- ✓ Практикалық жұмыс тәжірибесін;
- ✓ Кәсіпорында тәлімгермен жұмыс істеу мүмкіндігін;
- ✓ Оқу орнын бітіргеннен кейін жұмысқа орналасу мүмкіндігін;

✓ Өтемақы төлемін (жекелеген жағдайларда).

Студент не істеуге міндетті?

Сабақтар мен практиканы бекітілген кестеге сәйкес уақытында өтуге;

Тәртіп пен қауіпсіздік техникасын сақтауға;

Тәлімгердің тапсырмаларын орындауға;

Практика күнделігін жүргізуге және есептер тапсыруға;

Аттестаттаудың барлық түрлерінен (ағымдағы, аралық, қорытынды) өтуге.

Маңызды!!!

Студентке кәсіпорын тарапынан тәлімгер бекітіледі.

СДО-да (қашықтықтан оқыту жүйесінде) қажетті барлық материалдар қолжетімді.

Барлық оқу және практика үдерісі Platonus жүйесінде тіркеледі.

Дуальды оқытуды сәтті аяқтаған жағдайда жұмысқа орналасу кезінде басымдық берілуі мүмкін.

Қайда жүгінуге болады?

Құзыреттілік және мансаптық өсу офисі (ҚжМӨО);

Білім беру бағдарламалары және әдістеме бөлімі (БББЖӘБ);

Эдвайзеріңізге немесе деканатқа.

Оқу кезінде-ақ мансабыңды бастағың келе ме? Нақты тәжірибе мен кәсіби дағдыларды меңгергің келе ме?

Дуальды оқыту – табысты мамандыққа бастар жолың!

4. Әскери кафедра

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 10 маусымдағы № 344 қаулысына, жеке құрам бойынша ректордың 13.07.2016 ж. № 14 бұйрығына сәйкес Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде азаматтарды запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша даярлау жөніндегі әскери кафедра құрылды.

Әскери кафедра Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің 24 шілдедегі № 375 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21455 болып тіркелген өзгерістерімен және толықтыруларымен) сәйкес запастағы офицерлер мен сержанттарды даярлауды қамтамасыз етеді.

Білім алушыларды әскери қызметке даярлау Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жұмылдыру резервін даярлау, жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу және Қарулы Күштердің имиджін көтеру, сондай-ақ офицерлік және сержанттық құрамының бастапқы лауазымдарын қосымша жинақтау мақсатында алынатын жоғары кәсіптік білім негізінде әскери-есептік мамандық бойынша жүзеге асырылады, ҚР Қарулы Күштерінің жарлығына сәйкес келесі әскери-есептік мамандықтар дайындайды:

1. Запастағы офицерлерді дайындау:

- Жалпы әскери бөлімшелерді, бөлімдер мен құрамаларды жауынгерлік қолдану;
- Аумақтық қорғанысты жоспарлау және ұйымдастыру;
- Құрлық әскерлерінде тәрбие және идеологиялық жұмыстарды ұйымдастыру;
- Құрлық әскерлерінде байланысты ұйымдастыру;
- Әскерлер қызметін ұйымдастыру және қауіпсіздік пен құқық тәртібін қамтамасыз ету бөлімшелерін қолдану.

2. Запастағы сержанттарды дайындау:

- Атқыштар;
- Орташа қуатты ультра қысқа толқынды және дециметрлік радиостанциялар;
- Жаяу әскердің жауынгерлік машиналары;
- Инженерлік-саперлік;
- Орташа қуатты қысқа толқынды радиостанциялар.

Әскери кафедрада оқу ҚР ҚМ қабылдау жоспарына сәйкес мемлекеттік тапсырыс бойынша және ақылы негізде жүргізіледі.

Әскери даярлыққа конкурс өткізу жылына 24 жасқа дейінгі студенттер, **Қостанай қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасында** әскери есепте тұрған, денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамды - Қазақстан Республикасының азаматтары тартылады.

Құжаттарды қабылдау конкурс өткізілетін жылы 1 ақпаннан 20 мамырға дейін жүргізіледі және іріктеу комиссиясының жұмысы басталғанға дейін 10 жұмыс күні бұрын аяқталады.

Іріктеу комиссиясының жұмысы ЖЖЖОКБҰ академиялық күнтізбесіне сәйкес жазғы сессия аяқталғаннан кейін 10 жұмыс күнінен кешіктірілмей басталады.

Әскери кафедра білім алушыларының қатарына сәтті қабылдау үшін 4 кезеңнен өту қажет:

1. Әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларына сәйкес медициналық куәландырудан өту.
2. Кәсіби - психологиялық тестілеу.
3. Дене дайындығын тексеру.
4. Рейтингтік балдың есебіне сәйкес жүзеге асырылатын конкурстық іріктеу.



Назар аударыңыздар!!! Конкурстың әрбір кезеңінен бір рет өтуге жол беріледі.

Жасөспірімдер үшін дене шынықтыру даярлығы бойынша нормативтер

№ п/п	Бақылау жаттығулар	Бағасы		
		«5»	«4»	«3»

1	100 м жүгіру (с)	14,2	14,5	15,0
2	3000 м жүгіру (мин)	13,00	15,00	16,00
3	Биік белтемірге тартылу (неше рет)	12	10	8

Студент қыздарға арналған дене шынықтыру нормативтері

№ п/п	Бақылау жаттығулар	Бағасы		
		«5»	«4»	«3»
1	100 м жүгіру (с)	16,0	16,5	17,0
2	2000 м жүгіру (мин)	10,00	11,3	12,2
3	Шалқасынан жатып денені көтеру, қолды бастың артына көтеру (неше рет)	25	20	15

Дене шынықтыру бойынша әрбір норматив жеке бағаланады. Дене шынықтыру бойынша жалпы балл үш жаттығу бойынша бағаларды жинақтау арқылы алынады. Жалпы баллды есептеу кезінде "қанағаттанарлықсыз" балл нөлдік балл ретінде қарастырылады.

Үміткердің конкурстық іріктеуге одан әрі қатысуы үшін дене шынықтыру даярлығы бойынша **кемінде 9 балл** мөлшерінде жалпы балл жинау қажет.

Әскери кафедрада оқудың артықшылықтары

- Запастағы офицерлер (запастағы сержанттар) бағдарламасы бойынша әскери даярлықтың толық курсын бітірген білім алушыларға ЖОО-ны бітіргені туралы диплом алғаннан кейін белгіленген тәртіппен "запастағы лейтенант" ("запастағы кіші сержант") әскери атағы беріледі;

- Әскери дайындық "әскери күн" әдісімен оқытудың негізгі түрімен қатар жүріп жатыр;

- Офицерлік атақ жұмысқа орналасуда қосымша артықшылық болып табылады;

- Берілген әскери атақ әскери-есептік мамандық бойынша ҚР Қарулы Күштерінің қатарына жұмысқа орналасуға мүмкіндік береді;

Қарулы Күштер қатарына шақырылған жағдайда әскери кафедраның түлектері офицерлер құрамының (сержанттар құрамының) қызметін атқарады және ҚР заңнамасының шарттары бойынша барлық үлес түрлерімен қамтамасыз етіледі.

Әскери даярлықтың нысаны мен мерзімдері

Әскери даярлықты ұйымдастыру нысаны – «әскери күн» әдісімен.

Әскери дайындық мерзімі:

- «запастағы лейтенант» - 2 жыл;

- «запастағы кіші сержант» - 1 жыл.

Әскери даярлық ЖОО-да оқуды аяқтағанға дейін бір жыл бұрын оқу-жаттығу жиынымен аяқталады.

Барлық сұрақтар бойынша Сіз Қостанай қаласы, Абай даңғылы, 28 мекен-жайы бойынша әскери кафедраға жүгіне аласыз. Корпус 3.

Телефоны: 21-24-64 – әскери кафедра бастығы.

5. Оқу ақысы

Студент оқу ақысын уақытында төлеуге міндетті. Оқу ақысын «БанкЦентрКредит» АҚ-тың есеп айырысу-кассалық бөлімдері мен терминалдарында төлеуге болады. Банктердің есеп айырысу-кассалық бөлімшесінің жұмыс уақыты: күн сайын сағат 9.00-ден 18.0-ге дейін, түскі үзіліс: 13.00-14.00, демалыс күндері - сенбі, жексенбі. Сондай-ақ, төлемдерді ВСС.KZ жүйелерінің қосымшалары, Kaspi.kz мобильді қосымшасы арқылы жүзеге асыруға болады.



Гранттағы студенттерге арналған ақпарат
Назар аударыңыз!!! Шәкіртақы алу үшін төлем карточкасын рәсімдеу қажет. Студенттер қатарына қабылданған кезде төлем картасын қай банкте ашу керектігі хабарланады.

Карточканы банкте рәсімдеу үшін өзіңізбен бірге келесі құжаттар болуы қажет:

- 1) ЖСН бар жеке куәлік (түпнұсқасы) және көшірмесі;
- 2) оқу орнынан анықтама.

Карточканы немесе жеке куәлікті ауыстырған немесе жоғалтқан кезде бұл туралы Қаржы-экономикалық қызметке хабарлау қажет.

Ақпарат алу үшін университеттің бас ғимаратының 130-кабинетіне хабарласыңыз, тел.: 51-11-45

Карточканы немесе жеке куәлікті ауыстырған немесе жоғалтқан жағдайда бұл туралы Қаржы және экономикалық жоспарлау басқармасына хабарлау қажет.

6. Студенттердің құқықтары мен міндеттері

Студент:

- жеке оқу жоспары сәтті орындалған жағдайда жеделдетілген, қосымша оқу қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін (бұл жағдайда оқу мерзімі қысқартылуы мүмкін) және оқу бағдарламаларындағы айырмашылықтарды жою үшін қосымша жиырма кредиттен аспайтын жазғы семестрге жазылуға;
- ақылы негізде тиісті курстарды қайта оқуға;
- емтихан бағасымен келіспеген жағдайда апелляцияға өтініш беруге;
- заңда белгіленген тәртіппен бір оқу орнынан екіншісіне, бір тіл бөлімінен екіншісіне, бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне, ақылы негізден мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға қайта қабылдануға және ауысуға;
- университеттің ақпараттық-білім беру порталы кітапханасының ақпараттық ресурстарын тегін пайдалануға;
- өз пікірін және сенімін еркін білдіруге;
- эдвайзерден және университеттің барлық студенттерді қолдау қызметтерінің қызметкерлерінен кеңес алуға **құқылы**.

Студент:

- тандаған мамандық бойынша теориялық білім мен практикалық дағдыларды меңгеруге;
- Университет Жарғысын, Ішкі тәртіп ережелерін, Ар-намыс кодексін және академиялық адалдықты қатаң сақтауға;
- сабаққа үнемі және тиімді дайындалуға;
- барлық аудиториялық сабақтарға қатысуға, өзіндік жұмыс бойынша тапсырмаларды тапсыру кестесін қатаң сақтауға;
- ауырып қалуына байланысты сабақтарға қатыспаған жағдайда анықтамаларды уақтылы ұсынуға;
- оқу-әдістемелік әдебиеттер мен құрал-саймандарға ұқыпты қарауға;
- бір-біріне және оқытушыларға қарым-қатынаста шыдамды және мейірімді болуға;
- сабақ уақытында ұялы телефондарын өшіріп қоюға;
- өз денсаулығын күтуге, рухани және физикалық тұрғыдан жетілуге ұмтылуға **міндетті**.

Міндеттерді бұзғаны үшін білім алушыларға тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылуы мүмкін.

6. Студенттік өзін-өзі басқару

Тиімді студенттік өзін-өзі басқаруды, әкімшілік пен білім алушылар арасында диалог алаңын құру үшін университетте Жастар ісі жөніндегі басқармасының басшылығымен Студенттік Парламент жұмыс істейді. Бұл сегіз

фракцияның жұмысын тиісті қызмет бағыттарымен біріктіретін бірыңғай құрылымдық модель:

1. **Құқық және тәртіп фракциясы** - студенттік ортада сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет пен құқықтық тәртіпті дамыту және қалыптастыру

2. **Ақпарат фракциясы** - әлеуметтік желілерде студенттік бастамаларды ілгерілету, іс-шаралар аңдатпасы

3. **Спорт және салауатты өмір салты фракциясы** - бұқаралық спортты насихаттау

4. **Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы** - білім алушыларды рухани адамгершілік тәрбиелеу, ұлттық және отбасылық құндылықтарды қалыптастыру

5. **Қамқорлық фракциясы** - еріктілер қозғалысы мен қайырымдылықты дамыту

6. **Мәдениет және өнер фракциясы** - білім алушыларды қызығушылықтарына, қабілеттері мен қажеттіліктеріне сәйкес барлық контингентті барынша қамтитын әртүрлі мәдени-бұқаралық қызметке тарту

7. **Пікірсайыс қозғалысының фракциясы** – «Ахмет Ұрпақтары», «Парасат» пікірсайыс клубтарының тікелей қатысуымен бірыңғай пікірсайыс қоғамдастығын құру

8. **Экология және еңбек фракциясы** - экологиялық волонтерлікті дамыту және білім алушылардың еңбек тәрбиесін өзектендіру бойынша кәсіптік бағыттағы клубтардың қызметі.

Студенттік Парламент Жастар ісі жөніндегі басқармасымен бірлесіп келесі міндеттерді жүзеге асырады:

- жоғары кәсіби, зияткерлік және әлеуметтік қызметке қабілетті, Қазақстанның азаматы және патриоты ретінде білім алушы тұлғасының қалыптасуы, дамуы, әлеуметтенуі және өзін-өзі көрсетуі үшін оңтайлы жағдайлар жасау;

- гуманистік дүниетанымды, азаматтық ұстанымды, патриоттық сананы, құқықтық және саяси мәдениетті, ішкі бостандықты және өз қадір-қасиетін, мемлекеттік рәміздерге, ұлттық дәстүрлерге құрмет сезімін қалыптастыру;

- жалпыадамзаттық құндылықтарға, мораль нормаларына, кәсіби этика кодексіне бағдарлану;

- білім алушылардың эстетикалық құндылықтарын қалыптастыру, олардың университеттің, қаланың, облыстың, елдің мәдени өміріне қатысуы;

- университеттің тарихи-мәдени және ғылыми дәстүрлерін сақтау және көбейту;

- корпоративтік мәдениетті дамыту;

- салауатты өмір салты мәдениетін тәрбиелеу;

- діни экстремизм мен этносаралық радикализмнің түрлі нысандарына қарсы іс-қимыл жасау дағдыларын және психологиялық орнықтылығын

калыптастыру;

- болашақ кәсіби қызмет үшін қажетті жеке және кәсіби маңызды қасиеттерді дамыту;

- студенттік өзін-өзі басқару дағдыларын, көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру;

- бірінші курс студенттері мен басқа қалалардан келген білім алушыларды ЖОО-дағы оқу процесіне және студенттік жатақханада тұруға бейімдеу және әлеуметтендіру;

- білім алушыларда өз іс-әрекетінің нәтижелерін дәлме-дәл өзін-өзі бағалауға тәрбиелеу.

Бүгінгі таңда Студенттік Парламент ЖОО-ның барлық студенттік контингентінің 70% - ға жуық қызметін біріктіреді. Бұл студенттік жастардың мәселелерін шешуге бағытталған көшбасшылардың бастамашыл тобы. Жетекші орынды пікірсайыс клубтары, КВН командасы, волонтерлік клуб, зияткерлік клуб алады, киберспорт сәтті дамып келеді. Имидждік іс – шаралардың қатарында дәстүрлі қайырымдылық бал, «ТОР-10 Премиясы» байқауы, Халықаралық және Республикалық пікірсайыс турнирі, «Kru VISION» шығармашылық жобасы, «Шекарасыз әлем».

Университет жатақханаларында тұратын студенттер үшін Студенттер үйінің Студенттік кеңестері құрылған. Бұл - жатақхананың студенттік ұжымын қалыптастыруға және өмір сүрудің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсартуға бағытталған мәдени-бұқаралық, спорттық-сауықтыру, тәрбие жұмысын үйлестіретін қоғамдық органдар.

Жалпы студенттік өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру білім беру процесінің сапасын арттыруға, білім алушылардың кәсіби және әлеуметтік мүдделерін, шығармашылық әлеуетін және қоғамдық маңызды бастамаларын іске асыруға, бірыңғай студенттік қоғамдастық құруға және білім алушылардың корпоративтік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Студенттік өзін-өзі басқару қызметінің нәтижесі ҚР Мемлекеттік жастар саясатын және университеттің тәрбие жұмысының тұжырымдамасын іске асыру болып табылады.

Толық ақпарат алу үшін біздің парақшамызға хабарласуыңызға болады:
Inst.: @baitursynuly_parliament

8. Студенттердің академиялық ұтқырлығы

Академиялық ұтқырлық - білім алушылардың белгілі бір академиялық кезеңге: семестрге немесе оқу жылына басқа жоғары оқу орнына (ел ішінде, яғни ішкі академиялық ұтқырлық немесе шетелде, яғни сыртқы академиялық ұтқырлық) өз ЖОО-да немесе басқа ЖОО-да оқуын жалғастыру үшін кредит түрінде игерілген білім беру бағдарламаларын міндетті түрде қайта сынақ тапсыра отырып орын ауыстыруы. Білім алушылардың академиялық ұтқырлығы студенттік алмасу, тағылымдамадан (оның ішінде тілдік) өту

немесе зерттеу практикасы, сондай-ақ жазғы семестрге қатысу мақсатында жоғары оқу орындары арасындағы ынтымақтастық туралы шарттар, алмасу, стипендиялық бағдарламалар, халықаралық бағдарламалар, меморандумдар шеңберінде жүзеге асырылады.

Барлық туындаған сұрақтар бойынша сіз академиялық ұтқырлық туралы координаторларға хабарласа аласыз: директордың/деканның оқу ісі жөніндегі орынбасары.

Қосымша

Университеттің білім беру бағдарламаларын институттар бойынша бөлу

корпус №	Институттар	Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары	Мекен-жайы Телефоны
1а 1б	Экономика және құқық факультеті	Экономика Менеджмент Есеп және аудит Қаржы Маркетинг Құқықтану Халықаралық құқық Сот және құқық қорғау қызметі Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі	Байтұрсынов, № 47 51-11-19
1	Әлеуметтік- гуманитарлық ғылымдар факультеті	Қазақ филологиясы Орыс филологиясы Аударма ісі (ағылшын тілі) Шетел филологиясы (ағылшын тілі) Психология Журналистика	Байтұрсынов, № 47 51-11-53
2 3	Машина жасау, энергетика және ақпараттық технологиялар факультеті	Физика Математика Ақпараттық жүйелер Жасанды интеллект және деректерді талдау Ақпараттық технологиялар және робототехника Көлік, көлік техникасы және технологиялары Электр энергетикасы Машина жасау Машина жасау және робототехника Аграрлық техника және технологиялар	Абай № 28 55-85-17
2 4	Ауылшаруашылығ ы ғылымдары факультеті	Биология Биотехнология Экология Химия Азық-түлік өнімдерінің технологиясы Өсімдік шикізатынан жасалған өнімдерді қайта өңдеу және өндіру технологиясы Қайта өңдеу және тамақ өндірістерінің технологиясы Тамақ өнімдерін өндірудегі стандарттау және сертификаттау Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша) Агрономия Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы Ветеринария Ветеринарлық медицина Ветеринарлық санитария	Маяковский № 99/1 55-84-88
5	Ө. Сұлтанғазин атындағы педагогикалық институты	Педагогика және психология Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі Дене шынықтыру және спорт Музыкалық білім Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру Бейнелеу өнері, көркем еңбек, графика және жобалау	Тәуелсіздік № 118 53-18-52

		Математика Математика – Информатика Физика Физика – Информатика Информатика, робототехника және жобалау Химия-Биология Химия Биология-Химия Биология География Тарих Қазақ тілі мен әдебиеті Орыс тілі мен әдебиеті Шетел тілі: екі шетел тілі Арнайы педагогика Туризм Хореографиялық орындаушылықтағы мәдени-тынығу қызметі Актерлік шеберлік және театрландырылған қойылымдарды ұйымдастыру	
--	--	--	--